


«Келісемін»
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» директоры

МКҚК


С. Дауешова
«25 қантар 2025 ж.

«Бекітемін»
«Астана қаласы әкімдігінің №69 «Еркем-ай» балабақшасы МКҚК мендерушесі


М. Ахметова
«25 қантар 2025 ж.

«Келісемін»
«Тогызқұмаләк Зияткерлік Қауымдастырылған Республикалық Қоғамдық бірлестігі»
Вице-президенті

М. Шотаев
«25 қантар 2025 ж.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРИНЕ АРНАЛҒАН
«БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ЖАРЫСЫН СОЛТУСТИК ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

Астана, 2025ж

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
«БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ЖАРЫСЫН СОЛТУСТІК ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ӘТКІЗУ
ЕРЕЖЕСІ**

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында педагогтерге арналған «Бестемше» ұлттық ойын жарысын Солтүстік өңірі бойынша (бұдан әрі – Жарыс) ұйымдастыру тәртібі мен әткізу шарттарын белгілейді, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Ұлттық ойын жарысы Астана қаласындағы №69 «Еркем-ай» балабақшасының жұмыс жоспарына сәйкес және Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ (бұдан әрі-Орталық), «Тоғызқұмалақ Зияткерлік Қауымдастыры» РКБ қолдауымен өткізіледі.

1.3. Ұлттық ойын жарысының мақсаты - қарапайым ереже арқылы педагогтердің есеп амалдарын практика жүзінде қолдану, логикалық ойлау қабілетін дамыта отырып олардың бойында сабырлық, шапшаң есептеу мен үнемдеушілік қасиеттерін қалыптастыру.

Міндеттері:

- «Бестемше» ұлттық ойынын педагогтер арасында кеңінен насиҳаттау және бұқаралық сипатын арттыру;
- спорттық шеберлікті және зияткерлік қабілетті жетілдіру;
- Солтүстік өңірлерінің үздік ойыншыларын анықтау;

2. Ұлттық ойын жарысын ұйымдастыру тәртібі және әткізу шарттары

2.1. Жарысқа Астана қаласы және Солтүстік өңірлерінің мемлекеттік және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік балабақшалардың (шағын орталықтар кірмейді) педагогтері қатысады.

2.2. Жарысқа әр өнірден қалалық немесе облыстық іріктеуден өткен немесе арнайы шақыртумен 6 ойыншы қатыстырылады.

2.3. Қазылар алқасы құрамы «Бестемше» ұлттық ойын ережесін менгерген педагогтер мен жаттықтырушылардан құрылады және 5 адамнан кем болмауы тиіс.

2.4. Жарыс тоғызқұмалақтың классика түрі бойынша швейцар жүйесімен 6 турда өтеді. Алғашқы ойыншылар жүргізу жеребе арқылы анықталады.

2.5. Жарысты Тоғызқұмалақ Зияткерлік Қауымдастыры төрешілері жүргізеді.

3. Откізу күні мен орны

3.1. Жарыс 2025 жылдың 31- қаңтар күні Астана қаласындағы №69 «Еркем-ай» балабақшасының (Кенен Әзірбаев, 41) ғимаратында өтеді.

3.2. Жарысқа тіркелу: сағат 09.00-ден 10.00-га дейін

Жарыстың басталуы: сағат 10.00-де.

4. Ұлттық ойын жарысы қатысушыларына қойылатын талаптар

4.1. Солтүстік облысы, Петропавл қаласынан шакырылған командалар және Астана қаласы «Бестемше» қалалық жарысының женімпаз, жұлдегерлері және жоспарлы шараны ұйымдастыруды үлес қосып отырған №69 «Еркем-ай» балабақшасының ойнышылары жарысқа қатысу үшін ұйымдастырушылар жіберген сілтеме арқылы қантар айының 19 күні сағат 18:00 дейін Google формада тіркелу керек.

4.2. Қатысушының тегі, аты, өнірінің атауы жазылған төске тағылатын бейдіж болуы шарт.

4.3. Жарыстың қатысушылары мен жетекшісінің жол сапары, тұру шығындары жіберуші жақ есебінен төленеді.

5. Ұлттық ойын жарысын қорытындылау және женімпаздарды марапаттау

5.1. Жекелей есепте женімпаздар мен жұлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломдар ынталандыру грамоталарымен марапатталады.

5.2. Женімпаздар Тоғызқұмалақ Зияткерлік Қауымдастырының жарыс өткізу қағидаларына төмендегі көрсеткіштер бойынша анықталады:

1. Ұпай саны 2. Жеке кездесу 3. Прогресс көрсеткіші 4. Бухгольц көрсеткіші

6. Наразылық беру тәртібі және дәрігерлік-санитарлық жабдықтау

6.1. Наразылық беру немесе даулы мәселелерді шешу үшін команда өкілі немесе топ жетекшісі наразылықты жазбаша түрде тапсырады. Қабылданған наразылық ұйымдастырушылар тараапынан, бас төрешінің қатысуымен шұғыл түрде шешім шығарылып, бірден таныстырылады.

6.2. Жарыс кезінде дәрігердің қатысуы міндетті және дәрігер денсаулық пен гигиена мәселелеріне жауапты.

6.3. Психолог мамандардың қызметі қосылады.

Ұйымдастырушылардың мекенжайы: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, К.Әзірбаев, 41.

8 (7172) 42-06-60; 87021474771; 87774784481

**Солтүстік өңірлер бойынша «Бестемше» ұлттық ойын жарысына
қатысу үшін
ӨТІНІМ**

1	Білім беру ұйымының толық атауы (жарғысына сәйкес), электронды поштасы	
2	Катысатын педагогтің күжат бойынша тегі, аты	
3	Катысатын педагогтің ЖСН	
4	Жауапты әдіскердің байланыс телефоны	

Тіркеу осы ретте берілген сілтеме арқылы Google формада жүргізіледі